

№10 (200)

14 НАУРЫЗ  
СЕНБИ  
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ  
22 АҚПАНЫНАН  
БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Jaңa Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

## ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІККЕ ЖАҢА ТАЛАП

Күні кеше өткен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында президент Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті басқару жүйесіне қатысты маңызды мәселелерді ашық айтты. Бұл сөз жай жиынға арналған баяндамадан гөрі аймақтардағы билік құрылымдарына қойылған нақты талаптар жиынтығы іспетті болды.



Президент сөзінің толық нұсқасын мына QR-код арқылы көруге болады

Мемлекет басшысы соңғы жылдары жүргізілген саяси реформалардың нәтижесінде мәслихаттардың өкілеттігі кеңейгенін атап өтті. Енді бұл институт формалды орган болып қалмауы керек. Мәслихат – халықтың мүддесін қорғайтын нақты саяси алаңға айналуға тиіс.

Президенттің сөзіндегі ең өзекті тақырыптардың бірі – жергілікті бюджет мәселесі. Бюджет – аймақ дамуының негізгі құралы. Сондықтан оның қалай қалыптасып, қайда жұмсалып жатқаны ашық әрі түсінікті болуы керек. Мемлекет басшысы кей жағдайда бюджет жобасы депутаттардың алдына соғып сөзге ұсынылатынын сынға алды. Мұндай тәжірибе сапалы талқылауға мүмкіндік бермейді.

Әр теңгеңің есебі болуы шарт.

Бұл жерде мәслихаттың рөлі ерекше. Депутаттар тек шешім қабылдап қана қоймай, жергілікті қаржының тиімді жұмсалынуы бақылауға міндетті. Бюджет қаражаты алдымен халықтың жол, мектеп, аурухана, инфрақұрылым сияқты өмір сапасын жақсартуға жұмыс істеуге тиіс.

Форумда әкімдіктердің жауапкершілігі де сөз болды. Аймақ басшылары экономикалық өсімге, жаңа жұмыс орындарына, әлеуметтік тұрақтылыққа жауап береді. Ал мәслихаттар – сол жұмыстың тиімділігін қадағалайтын институт, яғни жергілікті биліктің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін тетік.

Президент өңірлердің экономикалық дербестігі

мәселесін де көтерді. Кейбір аймақтар орталыққа ғана иек артпай, өз мүмкіндігін пайдалануы керек. Инвестиция тарту, кәсіпкерлікті дамыту, өндіріс ашу – өңір дамуының басты бағыты.

Форумнан жергілікті биліктің жауапкершілігі артады деген ойды аңғарғандай болды. Мәслихат депутаттары да, әкімдіктер де нақты нәтижемен жұмыс істеуі қажет. Өйткені халық сенімі – ең басты өлшем.

Қысқасы, жергілікті басқару жүйесіне қойылатын талап күшейіп келеді. Ал бұл дегеніміз мемлекет дамуындағы жаңа кезеңнің белгісі болса керек.

Ғани АТЫМТАЙ

### ҚЫСҚА-НҰСҚА

«Демократия институты» ғылыми-зерттеу қауымдастығы жүргізген сауалнамаға сәйкес, Қазақстан тұрғындары Конституциялық реформаны талқылау үдерісі туралы жоғары деңгейде ақпараттанған. Сауалнамаға қатысқандардың 67,1%-ы жаңа Конституция жобасының мазмұнымен толық немесе ішінара таныс екенін айтқан. Ал 27,3%-ы жаңа Конституция жобасының талқылауы жатқанын естіген. Респонденттердің басым бөлігі (90,9%) жаңа Конституцияны қабылдауды қолдайды. Оның 67,1%-ы толық қолдайтынын, ал 23,8%-ы көбіне қолдайтынын білдірген. Зерттеуге 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаладан 18 жастан асқан 8 мың респондент қатысты.

\*\*\*

Қосшы қаласы әкімдігінің кезекті отырысында бірқатар өзекті мәселе қаралды. Жиында мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын арттыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы инфрақұрылым бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру, қаладағы көше-жол желісін күтіп ұстау, сондай-ақ көктемгі су тасқынының алдын алу шаралары талқыланды.

\*\*\*

Қосшы қаласында қар тазалау жұмыстары қарқынды түрде жалғасып жатыр. Қыс мезгілі басталғалы бері 20-30 арнайы техника мен 20-25 жұмысшы жұмылдырылып, арнайы полигонға 125,6 текше метр қар шығарылды. Бұл жұмыстарды мердігер ұйым «Элитстрой Комплект» ЖШС атқарып келеді.

\*\*\*

20 наурызда Қосшы қаласының қоғамдық мәдени спорт кешенінде «ETHNO GAMES: Жастар додасы» ұлттық ойындар сайысы өтеді. Онда арқан тартыс, ләңгі, қолкүрес, асық ату ойындары бойынша тартысты жарыстар ұйымдастырылады. Сонымен қатар «Наурыз көже FEST» аясында ең дәмді Наурыз көжені анықтайтын ерекше байқау өтеді. Тіркелу нөмірі: +7 747 804 8068.

\*\*\*

17 наурызда Қосшы қаласы қоғамдық-мәдени спорт кешенінде «Телқоңыр» I Республикалық жас шеберлер байқауы өтеді. Байқауда домбыра жасаушы жас шеберлердің жаңа туындылары таныстырылып, сахнада сынақтан өтіп, өзара сайысқа түседі. Барлық жүлдегер мен қатысушыға қаржылай қомақты сыйақы тағайындалған.

## АХАТ қызметіне – 105 жыл

2026 жылы Қазақстандағы азаматтық хал актілерін тіркеу қызметіне 105 жыл толады. Айта кетсек, Қазақстандағы АХАТ жүйесі елде және ТМД кеңістігінде алғашқылардың бірі болып қызметтерін электрондық форматқа көшіруді бастады. Ғасырдан аса уақытта жинақталған миллиондаған акт жазбасы цифрлық жүйеге енгізіліп, өмірлік маңызды мәліметтер электрондық сервистер арқылы қолжетімді болды. Соның нәтижесінде қазір азаматтар құжат көшірмесін алу немесе некені тіркеу қызметін елдің кез келген өңірінде рәсімдей алады.

Бүгінде АХАТ жүйесі елдің барлық өңірін қамтиды. Қазақстан бойынша 200-ден аса бөлімде 800-ден аса қызметкер еңбек етеді. Олардың жұмысының ауқымы да айтарлықтай. Мәселен, 2025 жылы елімізде 330 мыңнан аса туу және 110 мыңнан аса неке тіркелді. Биыл да оң динамика сақталып отыр: жыл басынан бері 50 мыңға жуық туу және 14 мыңға жуық неке рәсімделген.

Сонымен қатар қазіргі АХАТ жүйесі тек цифрлық қызметтермен ғана шектелмей, салтанатты тіркеу дәстүріне де ерекше мән береді. Мәселен, 2025 жылы еліміз бойынша 5 мыңға жуық салтанатты неке және 400-ден аса салтанатты туу тіркеуі өткізілді.

«105 жыл ішінде АХАТ жүйесі қағаз құжаттардан заманауи цифрлық қызметтерге дейінгі үлкен даму жолынан өтті. Бай тәжірибені жаңа технологиялармен ұштастыра отырып, біз жүйені одан әрі жетілдіруді жалғастырып

келеміз. Бүгінде баланың туу туралы куәлігін проактивті түрде рәсімдеуге, ал мобильді қосымшалар арқылы некені тіркеуге өтініш беру мүмкіндік бар», – деп атап өтті «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев.

АХАТ жүйесінің 105 жылдығына орай салтанатты іс-шара ұйымдастырылып, сала қызметкерлерінің еңбегі атап өтілді. Республика бойынша 44 қызметкер «Мемлекеттік корпорацияға – 10 жыл» төсбелгісімен марапатталды. 20 маман Мемлекеттік корпорация басқарма төрағасының алғыс хаттарын алды. Сондай-ақ 26 қызметкер құрмет грамоталарымен марапатталды. Оның ішінде 5 қызметкер Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің, ал 21 қызметкер осы ведомствоға қарасты Мемлекеттік қызметтер комитетіне басқарма төрағасының марапаттарына ие болды.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

### Құрметті тұрғындар!

«City Transportation Systems» ЖШС «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT. I кезек» (Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайынан «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейінгі учаске) жұмыс жобасына «Біқтимал әсерлер туралы есеп» бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын алу үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалық құжаттамаға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобаланатын нысандар LRT трассасы бойымен №101 «Халықаралық әуежай» станциясынан «Нұрлы жол» теміржол вокзалы ауданына дейін орналасқан.

**Әсер ету аймағының географиялық координаттары:** Станция 101–51.028285, 71.45844, Станция 102–51.041113, 71.442391, Станция 103–51.049306, 71.429280, Станция 104–51.055985, 71.418543, Станция 105–51.075823, 71.398012, Станция 106–51.081092, 71.400076, Станция 107–51.081092, 71.400076, Станция 108–51.100050, 71.406778, Станция 109–51.106100, 71.408948, Станция 110–51.114613, 71.411528, Станция 111–51.121782, 71.413029, Станция 112–51.123245, 71.428338, Станция 113–51.121844, 71.439535, Станция 114–51.116985, 71.468516, Станция 115–51.115048, 71.480780, Станция 116–51.112300, 71.498428, Станция 117–51.109560, 71.516012, Станция 118–51.111983, 71.528863

**Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта 2026 жылғы 20 сәуір күні сағат 10:00-де өтеді:**

- ашық жиналыс түрінде келесі мекенжай бойынша: Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 80/1, қала маңындағы тұрғын алабы ауданы, офис, конференц-зал, 1-қабат;

- MS Teams қосымшасы арқылы бейнеконференция форматында.

**MS Teams бейнеконференциясына онлайн қосылу сілтемесі:**

<https://teams.microsoft.com/meet/36147224381942?p=VV7kJeV2YAoWpvnLyu>  
Жиналыс идентификаторы: 361 472 243 819 42

**Қол жеткізу коды:** LD3hw6bV

Қатысушыларды тіркеу қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін 30 минут бұрын жеке куәлік арқылы жүргізіледі (өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет).

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар тек MS Teams қосымшасы арқылы онлайн форматта өткізілетін болады.

Барлық мүдделі тұлғаларды қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырамыз.

Жобалық материалдармен Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар туралы Ұлттық деректер банкі порталында [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) танысуға болады, сондай-ақ «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ арқылы сұратуға болады:

мекенжайы: Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13. тел.: +7 (7172) 55-75-79. эл. пошта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

**Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайлар бойынша қабылданады:**

[www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) порталы арқылы, сондай-ақ Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша. тел.: +7 (7172) 55-75-79, эл. пошта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің аппараты» ММ мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 30.

**Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон нөмірлері:** «EcoProf KZ» ЖШС – [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz), +7 (7212) 41-61-91.

Жоспарлыны отырған қызметтің бастамашысы – «City Transportation Systems» ЖШС, БСН 110540005586.

**Тіркелген мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 9. тел.: +7 747 217 0188, E-mail: [office@cts.gov.kz](mailto:office@cts.gov.kz).

Әзірлеуші – «EcoProf KZ» ЖШС, БСН 131240019006. Заңды мекенжайы: M01F2B4, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Аманжолов көшесі, 17/3, н.п. 1. тел./факс: +7 (7212) 41-61-91, E-mail: [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

### Уважаемые жители!

ТОО «City Transportation Systems» соощаает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по проектной документации по охране окружающей среды для получения заключения государственной экологической экспертизы по Отчету о возможных воздействиях к рабочему проекту «Новая транспортная система города Астаны. LRT. Очередь I» (участок от международного аэропорта Нурсултан Назарбаев до железнодорожного вокзала «Нұрлы жол») Станции 101-118, перегоны. Проектируемые объекты расположены по трассе ЛРТ от станции №101 «Международный аэропорт» до района железнодорожного вокзала «Нұрлы жол».

**Географические координаты области воздействия:** Станция 101–51.028285, 71.45844, Станция 102–51.041113, 71.442391, Станция 103–51.049306, 71.429280, Станция 104–51.055985, 71.418543, Станция 105–51.075823, 71.398012, Станция 106–51.081092, 71.400076, Станция 107–51.081092, 71.400076, Станция 108–51.100050, 71.406778, Станция 109–51.106100, 71.408948, Станция 110–51.114613, 71.411528, Станция 111–51.121782, 71.413029, Станция 112–51.123245, 71.428338, Станция 113–51.121844, 71.439535, Станция 114–51.116985, 71.468516, Станция 115–51.115048, 71.480780, Станция 116–51.112300, 71.498428, Станция 117–51.109560, 71.516012, Станция 118–51.111983, 71.528863

**Общественные слушания будут проходить в смешанном формате 20.04.2026 года в 10:00:**

- в форме открытого собрания по адресу: г. Астана, Кабанбай Батыра 80/1, район жилого массива пригородный, офис, конференс зал 1 этаж

- посредством видеоконференции с использованием приложения MS Teams. Ссылка на онлайн подключение к видеоконференции

MS Teams:

<https://teams.microsoft.com/meet/36147224381942?p=VV7kJeV2YAoWpvnLyu>

**Идентификатор собрания:** 361 472 243 819

**42 Код доступа:** LD3hw6bV

Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 30 минут до начала общественных слушаний (необходимо иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания будут проводиться только в онлайн режиме через приложение MS Teams.

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалом можно ознакомиться в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz), также запросить в ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны» по адресу г. Астана, пр. Сарыарка, 13, тел. +7 (7172) 55-75-79, эл. почта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

**Замечания и предложения принимаются:** по ссылке [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz), и по адресу г. Астана, пр. Сарыарка, 13, тел. +7 (7172) 55-75-79, эл. почта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

Адрес ГУ «Аппарат акима района Есиль города Астана»: г. Астана проспект Мангилик Ел, 30.

**Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию:** ТОО «EcoProf KZ» - [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz), +7 (7212) 41-61-91.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «City Transportation Systems», БИН 110540005586. Адрес регистрации ТОО г. Астана, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 9. тел.: +77472170188, e-mail: [office@cts.gov.kz](mailto:office@cts.gov.kz).

Разработчик – ТОО «EcoProf KZ», БИН 131240019006. Юридический адрес: M01F2B4, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Аманжолова, д. 17/3, н.п. 1. тел./факс: +7 (7212) 41-61-91, e-mail: [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz).

«Доверие» ломбарды» ЖШС сатып алынбаған (қайтарылмаған) кепіл мүлкіне сауда өткізілетінін хабарлайды. Сауда әр айдың 25-30 күндері аралығында, сағат 10:00-18:00 аралығында өтеді. Мекенжайы: Уәлиханов көшесі, 27-үй, 37-пәтер. тел.: 8 (747) 940 84 84.

ТОО «Ломбард «Доверие» объявляет о проведении торгов неликвидного заложенного имущества. Торги проходят с 25 по 30 число каждого месяца с 10:00 до 18:00 по адресу ул. Уәлиханова, дом 27, кв. 37 тел.: 8 (747) 940 84 84.

«Ardak Company Invest» ЖШС, БСН 191040010472 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ахмет Жұбанов көшесі, 27 үй, 104 п. тел.: 8 701 537 06 37.

ТОО «Ardak Company Invest», БИН 191040010472 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, улица Ахмета Жубанова, д.27, кв.104. тел.: 8 701 537 06 37.

«Ақдаурен» ЖШС, БСН 150540014285 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Мағжан Жұмабаев даңғылы, 9 үй, 36 пәтер. тел.: 8 775 551 63 93.

ТОО «Ақдаурен», БИН 150540014285 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, проспект Мағжан Жұмабаев, д.9, 36 кв. тел.: 8 775 551 63 93.

«А&K Элит» ЖШС, БСН 190940013308 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 40 үй, 488 пәтер. тел.: 8 777 420 49 19.

ТОО «А&K Элит», БИН 190940013308 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, проспект Кабанбай батыра, д.40, кв.488. тел.: 8 777 420 49 19.

«Сары-Арка Синдикат» ЖШС, БСН 200640029883 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 14 үй, 529 пәтер. тел.: 8 701 537 06 37.

ТОО «Сары-Арка Синдикат», БИН 200640029883 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу:г. Астана, р-н Есиль, улица Сауран, д.14, кв.529. тел.: 8 701 537 06 37.

«Oljas Exchange» ЖШС, БСН 060240009172 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 81 үй. тел.: 8 701 614 85 47.

ТОО «Oljas Exchange», БИН 060240009172 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, проспект Бөгенбай батыра, д.81. тел.: 8 701 614 85 47.

«Шевро» ЖШС, БСН 190240035442 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 14 үй, 529 пәтер. тел.: 8 777 199 43 84.

ТОО «Шевро», БИН 190240035442 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Казахстан, город Астана, р-н Байқоңыр, улица Сауран, д.14, кв.529. тел.: 8 777 199 43 84.

«Joy education» Жеке компаниясы, БСН 240940900484 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 47 ғимарат. тел.: 8 775 661 12 17.

Частная компания «Joy education», БИН 240940900484 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, улица Сыганак, здание 47. тел.: 8 775 661 12 17.

«Ра-Сул» ЖШС, БСН 990540005429 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Угольная көшесі, 18-а үй. тел.: 8 701 520 27 54.

ТОО «Ра-Сул», БИН 990540005429 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, улица Угольная, д.18-а. тел.: 8 701 520 27 54.

«Агрофирма Нур-Целина» ЖШС, БСН 211040034892 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 14 үй, 529 пәтер. тел.: 8 701 537 06 37.

ТОО «Агрофирма Нур-Целина», БИН 211040034892 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астан, р-н Есиль, улица Сауран, д.14, кв.529. тел.: 8 701 537 06 37.

«Батыс Құрылыс Group» ЖШС, БСН 260340005261 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 26 микрорайон, 58 ғимарат. тел.: 8 700 362 91 90.

ТОО «Батыс Құрылыс Group», БИН 260340005261 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Мангистауская обл., г. Ақтау, 26 микрорайон, зд. 58. тел.: 8 700 362 91 90.

«Артель» ЖШС, БСН 080340012642 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әлімхан Қомратов көшесі, 33 үй. тел.:8 701 771 69 06.

ТОО «Артель», БИН 080340012642 соощаает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г. Тараз, ул. Алимхана Комратова, д.33. тел.: 8 701 771 69 06.

## ПЕШТІ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тілсіз жаудың алдын аламын десеңіз, келесі қауіпсіздік қағидаларын сақтаңыз. Жылу беру маусымы басталар алдында пештер тексеріліп, жөнделуі керек. Жарамсыз пештер мен басқа от жағу құралдары пайдалануға жіберілмейді, жеке меншік үйлерде жылту кезеңінің алдында және 3 ай сайын түтіндіктер мен мұржаларды күйеден тазарту қажет. Пештің алдындағы еденге көлемі 50×70 см темір қаңылтыр қағылмаған жағдайда, пешті пайдалануға болмайды. Пештерді қатты қыздыруға және қатты отынмен жағылатын пештерді жағу үшін бензин, керосин, басқа да тез жанатын сұйықтарды пайдалануға болмайды. Пеште от жағу кезінде тиым салынады:

- от жанып қатқан пешті қараусыз қалдыруға, сонымен қатар кішкентәй балаларға қарауға тапсыруға;

- отынды, басқа жанғыш заттар мен материалдарды оттық алдындағы қаңылтырға қоюға;

- пешті шамадан тыс қыздыруға жол берілмейді.

Егер сіз электр жылыту пешін пайдалансаңыз, мына қағидаларды білуіңіз қажет:

Электр жылытқыштар тек зауытта жасалған болуы қажет.

Электр жылытқыштарды жанғыш заттар мен жабуға, олардың үстіне кір кептіруге болмайды.

Қосылған құралдарды үнемі бақылау қажет, үйден кеткен кезде оларды міндетті түрде өшіру

керек.

Уақытша металл пештерді орнатқанда келесі өрт қауіпсіздігі талаптары толық орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Металл пештердің аяқтарының ұзындығы 0,2 м аз болмау керек.

Пештің астындағы жанғыш едендер саз балшықпен жапсырылған кірпіш қатарымен немесе үстіне болат қаңылтырмен жабылған қалыңдығы 12 см, асбест қатты қағазымен оқшаулануы керек.

Металл пештері ағаш құрылымдар мен жиһандан 1м, жанудан қорғалған құрылымдардан 0,7 м қашықтықта орнату керек.

Пеш жағумен байланысты өрттердің себептері, мұндағы жиналатын күйтең жануынан қабырғаларының қызуы нәтижесінде мұржаның кірпіш қалауында пайда болатын жарықтар болып табылады.

Айтылған ережелермен жеңіл және оңай іске асырылады. Осыларды бұлжытпай орындау Сіздің үйіңізді өрттен, жануаңызбен туысқандарыңыздың және жақын адамдарыңыздың өмірі мен денсаулығын сақтайды. Орын алған Төтенше жағдайлар мен оқиғалар кезінде «101», «112» телефондарына хабарласуларыңызды сұрайды.

Қосшы қаласының ТЖБ

## ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған Республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы

немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.



2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының  
Орталық референдум комиссиясы

## КАК НАЙТИ УЧАСТОК ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ?

Для голосования на республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. Перейдя по рассылаемым от официальных источников ссылкам, таких как Egov-mobile, банки второго уровня (Kaspi Bank, Halyk Bank) и SMS-оповещения операторов связи, либо

просканировав ниже опубликованный QR-код, граждане смогут перейти на специальный раздел сайта, где посредством ввода ИИН определят свой участок референдума.



2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населенного пункта по месту жительства можно уточнить информацию об участке для голосования. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов.

Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума  
Республики Казахстан

## Изменение законодательства, в части установления лицензии при проведении государственных закупок.

Департаментом внутреннего государственного аудита по Акмолинской области КВГА МФ РК на постоянной основе осуществляется камеральный контроль в рамках соблюдения законодательства в сфере государственных закупок.

Входе проведения камерального контроля Департаментом выявляются нарушения, которые допускают администраторы бюджетных программ при проведении государственных закупок.

Так согласно Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» к потенциальным поставщикам и (или) привлекаемому субподрядчику (соисполнителю) предъявляются следующие квалификационные требования:

- обладать правоспособностью (для юридических лиц) и гражданской дееспособностью (для физических лиц);
- являться финансово устойчивыми и не иметь налоговой задолженности, превышающей шестикратный размер месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете;
- не подлежать процедуре банкротства либо ликвидации;
- обладать материальными, трудовыми и финансовыми ресурсами, достаточными для исполнения обязательств по договору, а также не иметь просроченной задолженности по выплате заработной платы перед работниками;

- иметь опыт работы.

При этом, согласно Правил осуществления государственных закупок «В случае, если предметом государственной закупки являются работы или услуги на выполнение (оказание) которых требуется наличие соответствующего разрешения первой или второй категории в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешении и уведомлениях, квалификационное требование в части обладания материальными и трудовыми ресурсами не предъявляется.

При осуществлении государственных закупок работ в сфере строительства (новое строительство, расширение, техническое перевооружение, модернизация, реконструкция, реставрация и капитальный ремонт существующих объектов), разработке технико-экономического обоснования, проектно-сметной документации и градостроительных проектов, документом, подтверждающим обладание потенциальным поставщиком материальными и трудовыми ресурсами, является соответствующее разрешение (лицензия), выданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешении и уведомлениях.

Потенциальные поставщики, имеющие соответствующее разрешение (уведомление) на строительные-монтажные работы и участвующие в государственных закупках работ, не связанных

со строительством (текущий или средний ремонт, реставрация, реконструкция существующих объектов, благоустройство, обустройство) подтверждают обладание материальными и трудовыми ресурсами соответствующим разрешением (лицензия), выданным в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешении и уведомлениях.

При этом, виды и подвиды соответствующего разрешения (лицензии) на строительные-монтажные работы являются схожими (аналогичными) предмету проводимых государственных закупок.

В случае если предметом государственных закупок являются работы, не связанные со строительством (работы, не связанные с текущим или средним ремонтом, реставрацией, реконструкцией существующих объектов, благоустройством, обустройством), потенциальный поставщик подтверждает обладание материальными и трудовыми ресурсами в порядке, определенном настоящими Правилами».

Кроме того, согласно нового закона государственных закупок в случае осуществления государственных закупок, по которым необходимо иметь разрешение с Законом Республики Казахстан «О разрешении и уведомлениях», заказчик, организатор, единый организатор обязаны устанавливать к потенциальным поставщикам и (или) привлекаемому субподрядчику (соисполните-

лям) требование о наличии соответствующего разрешения (уведомления).

Однако, как показывает практика проведения государственных закупок порой администраторами бюджетных программ игнорируются вышеуказанные нормы законодательства. Особенно часто это происходит при проведении процедур методом запроса ценовых предложений. К примеру, заказчиками/организаторами при проведении государственных закупок на услуги санитарные не указывалась лицензия на оказание услуг по дезинфекции, дезинсекции, дератизации в области здравоохранения.

Такие незначительные упущения как не указание лицензии со стороны организаторов приводит к выбору поставщиков, которые не имеют должного разрешения оказывают услуги, выполняют работы на которые требуется наличие определенного разрешения (лицензии).

Департаментом согласно Правил проведения камерального контроля в случае выявления подобных нарушений в адрес организаторов направляются уведомления об устранении нарушения.

Работа по мониторингу законности государственных закупок проводится на постоянной основе. Выявление нарушений на ранней стадии приводит к снижению административной нагрузки объектов аудита и неправомерному заключению договоров.

## 20 НАУРЫЗ КҮНІ – ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы мен Ораза айттың тұспа-тұс келуі – береке мен бірлік және рухани жаңаруды білдіретін ерекше құбылыс.

Рамазан – құлшылық пен сабыр, береке мен бірлік, мейірім мен қайырымдылық айы болса, осы қасиетті айдың аяқталғанын айғақтайтын Ораза айт мейрамы – жер бетіндегі барша мұсылман қауымы үшін ең қасиетті саналатын екі ұлық мерекенің бірі. Бұл мереке туралы Абдулла ибн Масұдтан (р.а.) жеткен хадисте: «Мүмін пенделер Рамазан айының оразасын толық ұстап, айт күні намазға бет алғанда, Алла тағала періштелерге: «Ей, періштелерім, адамзат бейнет атқарса, ақысын талап етеді. Пенделерім мен парыз еткен оразаны атқарып, ақысын алуға мешітке бет алды. Олар мен үшін ораза ұстады, менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа

келелсін. Сендер күә болыңдар, оларды жарылқадым», – делінген.

Үш күн тойланатын Айт мейрамы алдымен айт намазын оқумен басталады. Сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өз өсиетінде: «Айт күні бірінші орындайтынмыз – намаз оқу», – деген екен. Бұл намаз исламның ұраны болғандықтан, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өмірінде оны бір рет те қалдырмай оқыған.

Айтта мұсылмандардың бір-бірімен татулықтарын арттыруы – мерекенің негізгі сәні. Осы мақсатта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір-біріңе сыйлық беріп, татуласыңдар... Бір-біріңе берген сыйлықтарың ара-



ларыңдағы өшпенділікті жояды», – деп өсиет еткен. Ораза айт күні ертерек тұрып, ғұсыл алып, мешітке айт намазына хош иісті болып бару Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүйсіне жасайтын амалынан екен. Сондықтан да бұл амал мұстахаб саналады. Себебі бұл – қасиетті жұма сияқты көпшілікпен ашық-жарқын араласатын күн. Жұма күні қандай амалдар сүннет болса, айт күніне де солай. Осы айтқа байланысты тағы бір сүннет амалы жайында хадисте: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт күні мешітке барған жолымен қайтпай, басқа жолмен қайтатын еді», – делінген. Бұл да әрбір мұсылман үшін сүннет. Асыл дінімізге сәйкес, айттарда көңіл-күйдің көтеріңкі, қуанышты болуы, жүзінен нұрлы шырай таралуы – Алланың рахметі, Пайғамбардың

(с.ғ.с.) шапағаты, жәннат және нығметтеріне үміт арту белгісі саналады. Сондықтан мереке күндері мұсылман бауырларымызға мейіріммен қарап, ауру-сырқаулардың көңілін сұрау, кембағалдарға қарайласып, қуанту – ең сауапты да абзал іс.

Ендеше қасиетті Рамазан айынан кейін келген Мұбарак Ораза айт пен Наурыз мерекесі баршамыз үшін құтты болсын! Еліміз бейбітшілік пен татулықтың құшағында гүлдене өркендеп, Алла асыл дінімізге қуат беріп, дара діліміз бен туған тіліміздің мәртебесін арттыра түссін!

Төлеген АРҒЫНБАЙҰЛЫ,  
Қосшы қалалық «Бөгенбай батыр» мешітінің  
бас имамы

АЙТ КЕЛГЕНДЕ АҒАЙЫН АРАЛАСАДЫ

# ҚОСШЫЛЫҚ ҰСТАЗ ТОП ЖАРДЫ

Таяуда ұйымдастырылған Сенат кубогының 1/8 финалы аясында ғылым және білім саласы қызметкерлері арасында өткен жылдам шахмат турнирінде Көкшетау облысының чемпионы өз мәресіне жетті. Жарысқа облыстың әр өңірінен келген тәжірибелі шахматшылар қатысып, бәсеке жоғары деңгейде өтті. Осы интеллектуалдық сайыс аясында Қосшы қаласы мектеп-гимназиясының математика пәні мұғалімі Бақдәулет Тоқмағанбет ерекше нәтижеге қол жеткізіп, арнайы марапатқа ие болды.

Жарыстың басты мақсаты – еліміздегі ғылым мен білім саласында еңбек етіп жүрген мамандар арасында шахмат спорты дамыту, логикалық ойлау қабілетін арттыру және кәсіби ортада интеллектуалдық мәдениетті қалыптастыру. Мұндай сайыстар педагогтердің кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, зияткерлік қабілеттерін шыңдап, шығармашылық ойлау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Чемпионатта Бақдәулет Маратұлы өз шеберлігін, стратегиялық ойлау қабілетін және жылдам шешім қабылдау дағдыларын айқын көрсете білді. Барлық ойында оның талабы, логикалық пайымдауы және сабырлы ойлау қабілеті көрініс тапты. Нәтижесінде ол

Қосшы қаласы бойынша I орын иеленіп, жарыстың үздіктері қатарынан көрінді. Бұл жетістік – оның шахмат спортына деген жүйелі еңбегі, табандылығы және кәсіби дайындығының нақты көрінісі.

Сонымен қатар Бақдәулет Маратұлының жеңісі оған республикалық деңгейде өтетін жарыстың 1/4 финалына жолдама алуға мүмкіндік берді. Бұл еліміздің басқа өңірлеріндегі білікті мамандармен кездесуге және өз шеберлігін одан әрі шыңдауға мүмкіндік береді.

Бұл жетістік Қосшы қаласы мектеп-гимназиясы ұжымының және Ақмола облысы ғылым және білім саласы қызметкерлерінің зияткерлік әлеуетінің зор екенін айқын көрсетеді.

Бақдәулет Маратұлының табысы –

жалпы педагогикалық және интеллектуалдық салалардағы үлгілі еңбек нәтижесі. Оның жетістігі мектеп ұжымына, қалалық және облыстық білім беру жүйесіне мотивациялық серпін беріп, кәсіби ортадағы ынтымақтастықты нығайтуға, зияткерлік ойындарды дамытуды насихаттауға ықпал етеді.

Білім саласында осындай бәсекелестік пен кәсіби сайыстардың өткізілуін заманауи педагогтің кәсіби және жеке дамуындағы маңызды фактор дер едік. Ал жылдам шахмат бойынша өткен чемпионаттың маңызы – логикалық ойлау, стратегия құру және интеллектуалды мәдениетті қалыптастыру арқылы педагогикалық қоғамдастықты біріктіруге.



## ҚАЛАМЫЗДА «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ» ЖАРҚЫРАДЫ

Мұғалім – мектептің жүрегі ғана емес, сонымен қатар рухани мәдениеттің, өнер мен шығармашылықтың да қайнар көзі. Осындай көпқырлы мамандық иелерінің өнері мен шығармашылық қабілеттерін паш ету мақсатында жақында Қосшы қаласы №2 жалпы орта білім беретін мектебінде ұстаздар арасындағы «Екі жұлдыз» атты ерекше форматтағы шығармашылық байқау жоғары деңгейде өтті.



Байқауды мектеп кәсіподағының төрайымы Фариза Қаңтарова ұйымдастырып, кештің мазмұнды әрі тартымды өтуіне зор үлес қосты.

Байқау екі тартысты кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңге барлығы 16 жұп қатысып, өзара бақ сынады. Әр жұп екі адамнан құралған: кейбірі бір пән бірлестігінен болса, енді бірі әртүрлі пән мұғалімдері болып бірікті.

Алғашқы кезеңде қатысушылар 80-90 жылдардың ретро әндерін орындады. Бұл кезең көрерменді өткен ғасырдың әуезді әндерімен қайта қауыштырды. Сахнада орындалған әрбір ән өткен күндердің жылы естеліктерін жаңғыртып, көрерменді уақыт қойнауына жетелегендей әсер қалдырды. Мұғалімдер тек ән айтып қана қоймай, сол дәуірдің стиліне сай киім үлгілерін тандап, шағын сахналық қойылымдар арқылы көрерменге ерекше әсер сыйлады. Әр жұп өз өнерін барынша жоғары деңгейде көрсетуге тырысты. Вокалдық қабілеттерімен қатар, сахнадағы қозғалыс, актерлік шеберлік, көрерменмен байланыс орнату сияқты қырлары да айқын байқалды.

Қатысушылардың арасында бұрын сахнаға жиі шықпаған ұстаздар да болды. Соған қарамастан олардың өнерге деген құштарлығы мен батылдығы көрерменнің ерекше ықыласына бөленді.

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша, 16 жұптың ішінен ең үздік 8 жұп іріктеліп, келесі кезеңге жолдама алды. Бұл сәт байқаудың тартысын одан әрі

күшейтіп, қатысушылардың жауапкершілігін арттырды.

Екінші кезеңде қатысушылар өз қалаулары бойынша заманауи хит әндерді орындады. Бұл кезеңде мұғалімдер өздерінің вокалдық мүмкіндіктерін ғана емес, сахналық бейне қалыптастырудағы шеберліктерін де көрсете білді. Әр жұп әннің мазмұнына сәйкес костюмдер тандап, би элементтері мен шағын театрландырылған көріністер қосып, көрерменді тәнті етті.

Сахнада математика пәнінің мұғалімі филологпен, тарихшы бастауыш сынып мұғалімімен бірігіп, нағыз өнер иелеріндей өнер көрсетті. Әсіресе кейбір жұптың орындауындағы әндер ерекше әсер қалдырды. Өнге қосылған би қимылдары, сахналық қойылымдар, түрлі реквизиттер көрерменнің қошеметіне бөленді. Кеште бірнеше рет зал толығымен қол шапалақтап, қатысушыларды қолдап отырды.

Байқаудың әділ әрі кәсіби деңгейде бағалануы үшін қазылар алқасының құрамына мәдениет пен өнер саласының тәжірибелі мамандары шақырылды. Олардың құрамында өнертану ғылымдарының PhD докторы, Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Жанар Шайкенова, Қосшы қаласы Мәдениет үйінің бөлім меңгерушісі Ақайдар Дінмұхаммед, халықаралық конкурстардың лауреаты, магистрант Мәдина Қабдолла, Қосшы қалалық аналар кеңесінің төрайымы Әйгерім Көкеева болды. Олар қаты-

сушылардың өнерін бірнеше критерий бойынша бағалады.

Тартысты өткен байқаудың қорытындысында жеңімпаздар анықталды. Қазылар алқасының шешімімен Бас жүлдені дене шынықтыру пәні әдістемелік бірлестігі – Бағдат Сыдах пен Төкен Байжанов жеңіп алды. Ал I орын орыс тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігі – Гүлмира Орынбекова мен Таңсұлу Серікбаеваға бұйырса, II орынды кіші қызметкерлер Гүлжан Құрманғалиева мен Айдана Құлмаханова иеленді. Сондай-ақ жүлделі III орынды ағылшын тілі пәні әдістемелік бірлестігі – Сымбат Әбиева мен Альмира Күндебаева қанағат тұтты.

Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар байқауға қатысқан барлық жұпқа алғыс хаттар табысталып, олардың өнері жоғары бағаланды.

Кеш соңында мектеп директоры Оксана Раева сөз сөйлеп, ұстаздардың өнеріне жоғары баға берді.

– Ұстаз – ұлағатты есім. Бүгін біз мұғалімдеріміздің тек сабақ беріп қана қоймай, өнерде де биік белестерді бағындыра алатынына куә болдық. Мұндай шығармашылық кештер ұжымның бірлігін нығайтып, әріптестер арасындағы достықты арттырады, – деді мектеп басшысы.

**Рысқұл БЫБРАЙҚЫЗЫ,**  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Көктемнің алғашқы күндерімен қатар келген айтулы шара мектебіміздің рухын көтеріп, көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады. «Qadam» мектеп парламентінің ұйымдастыруымен өткен «Мектеп аруы – 2026» байқауында 7-8 сыныптың ең белсенді, өнерлі әрі ибалы қыздары бақ сынасты.

## Мектеп арулары бақ сынасты

Бұл байқау бойында ізгілікті, тәрбиені, білімді және шығармашылық қабілетті үйлестірген қыздарды танытуға арналған кеш болды. Сахна төрінде әрбір ару өзінің сыңғырлаған үні, мың бұралған биі мен терең білімін көрсетіп, көрермен жүрегіне жол тартты. Байқауға жауапты аға тәлімгер Сымбат Сәбиева және қадағалаушы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рысқұл Ыбырайқызы қамқорлық жасап, қатысушыларға толық қолдау көрсетті.

Шара бірнеше кезең бойынша өтті. «Мен қазақтың қызымын» кезеңінде қыздар өздерін таныстырып, шығу тегін, армандарын және өмірлік мақсаттарын жеткізді.

«Өнерлі өрге жүзер» сахналық өнер кезеңінде мың бұралған бишілер, күміс көмей әншілер және көркем сөз шеберлері сахнаның сәнін келтірді.

Бұл сәт көрерменнің ерекше ықыласына бөленіп, әр арудың талантын ашық көрсетті.

«Зерек ару» интеллектуалдық кезеңінде қатысушылар салт-дәстүр мен логикалық сұрақтарға мүдірмей жауап беріп, білім деңгейлерін дәлелдеді. Бұл кезең қыздардың ойлау қабілеті мен дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

«Бас бармағынан бал тамған» кезеңінде қыздар өздері ұнататын іс-әрекетін көрсетті. Бұл кезең олардың шығармашылық қырларын паш етті.

«Қыздарға әсемдік жарасады» кезеңінде заманауи үлгідегі ұлттық нақашты киімдерде сахнаға шыққан арулар көрерменді тәнті етті. Костюмдер мен сахналық образдардың үйлесімі байқаудың көркемдік әсерін арттырды.

– Бұл сайыс қыздардың сахнада өзін

ұстауын қалыптастырып қана қоймай, олардың бойындағы жасырын таланттарды ашуға мүмкіндік берді, – дейді қазылар алқасының мүшесі, «Кәусар» би ансамблінің жетекшісі Әсел Бақытқызы.

Байқау қорытындысы бойынша, жеңімпаздар мен номинациялар былайша анықталды:

I орын («Мектеп аруы – 2026») – 8 «Б» сынып оқушысы Кәусар Тағайбек;

II орын – 8 «Ә» сынып оқушысы Айару Табынбай;

III орын – 8 «В» сынып оқушысы Назым Рымбек;

Сонымен қатар арнайы номинациялар бойынша:

«Өнерлі ару» – 7 «Ә» сынып оқушысы Айханым Қайрат;

«Ибалы ару» – 8 «Ә» сынып оқушысы Айару Табынбай;

«Креативті ару» – 8 «А» сынып оқушысы Медина Тимурқызы;

«Бұрымды ару» – 7 «Б» сынып оқушысы Инжу Көбейбай;

«Күлімкөз ару» – 7 «Г» сынып оқушысы Гүлназ Оразбек;

«Сымбатты ару» – 8 «Г» сынып оқушысы Дана Құдайберген.

Жеңімпаздар мен номинанттар арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Бұл кеш қатысушылардың бойындағы жасырын таланттарды ашып, сахнада өзін еркін көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар байқау қыздардың бойындағы тәрбиені, білімді және өнерді үйлестіре отырып, олардың өзіндік ерекшелігін көрсетуге жол ашты.

**Алтынбек ОПАБЕКОВ,**  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



## Қосшылық оқушы смарт-жылыжай ойлап тапты

Қазақстанның теріскей өңірінде қыс мезгілі алты айға созылатыны белгілі. Дәл осы кезеңде жергілікті халықты балғын көкөніспен қамтамасыз ету – өзекті мәселелердің бірі. Бұл түйткілді шешудің жолын заманауи IT-технологиядан іздеген жас зерттеуші, 7-сынып оқушысы Айжұлдыз Серік өзінің «Автоматтандырылған смарт-жылыжай» жобасымен ғылым әлеміне нық қадам басты.



Солтүстік өңірлердегі қатал ауа райы мен қатты аяздар жылыжай шаруашылығын жүргізуге айтарлықтай қиындық тудырады. Жылу мен ылғалдылықты тұрақты сақтау үшін адам күші мен уақыты көп жұмсалады. Бұл жобаның негізгі мақсаты – адам факторын барынша азайтып, бүкіл үдерісті автоматтандыру арқылы өнімділікті арттыру. Айжұлдыздың зерттеуі бойынша, смарт-жылыжайды кез келген қашықтықтан басқаруға болады. Жобаның басты ерекшелігі – оның Telegram-бот арқылы басқарылуы. Оқушы жобаны басынан аяғына дейін қорғап шығып, жүйенің жұмыс істеу механизмін толық дәлелдеді.

Жүйе мынадай компоненттерден

тұрады: арнайы орнатылған датчиктер топырақтың ылғалдылығын, ауа температурасын және жарық деңгейін секунд сайын бақылайды. Егер температура төмендесе немесе топырақ құрғаса, иесінің телефонына Telegram арқылы хабарлама келеді. Боттағы батырманы басу арқылы суару жүйесін іске қосуға болады немесе жүйе автоматты режимде жұмыс істейді.

Бұл жоба – тек көкөніс өсіру емес, ауыл шаруашылығы мен IT саласын ұштастыру. Солтүстіктің қатал қысында жылыжайға барып, пеш жағып немесе су тасып жүрудің қажеті жоқ. Барлығы цифрлық жүйе арқылы реттеледі.

Менің жетекшілігіммен жүргізілген

Айжұлдыз Серіктің «Зерде» ғылыми жобалар байқауындағы жетістігі – үлкен ізденістің жемісі. 7-сынып оқушысы үшін биологиялық заңдылықтарды түсінумен қатар, микроконтроллерлер мен бағдарламалауды меңгеру үлкен сынақ болды. Табындылықтың арқасында жоба сәтті аяқталды. Нәтижесінде Айжұлдыз «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсында топ жарып, жүлделі II орынды иеленді. Бұл жеңіс – мектебіміз бен өңіріміз үшін үлкен мақтаныш, сонымен қатар оқушы мен ұстаз арасындағы шығармашылық бірлестіктің жарқын үлгісі.

Біздің алдағы жоспарымыз – осы жобаны отандық кәсіпкерлерге ұсыну. Егер өндірістік деңгейде автоматты басқарылатын жылыжайлар салынса, бұл энергия мен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Су тек қажет болғанда жұмсалып, жылу жүйесі оңтайлы бақыланады. Бұл еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі үшін өте маңызды. Қыс ортасында сырттан келетін қымбат өнімге тәуелді болмай, өз ауламыздан таза өнім алуға жол ашады.

Мектеп қабырғасында жүріп, ел экономикасына үлес қосатын жобаларды ойлап табу бүгінгі жас ұрпақтың біліктілігін көрсетеді. Айжұлдыз секілді ізденімпаз оқушылар мен білікті ұстаздар барда, еліміздің ауыл шаруашылығы жаңа белестерді бағындыра береді деп сенемін.

Шынар ХОВДАШҚАНҚЫЗЫ,  
№4 ЖОББМ биология пәнінің  
мұғалімі

## Сапалы медицина – адам жанының инженері

Мен, Құлан Қоржынбайқызы 2026 жылдың 17 ақпанында Қазақстан Республикасы Президенті іс басқармасы медициналық орталығының ауруханасында дәрігердің қабылдауында болдым. Медицина ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Бимбетов мені жан-жақты тексеруден өткізіп, денсаулығым жөнінде толық ақпарат берді.



Дәрігердің тексеру қорытындысына сөйкес, мен асқазан аурулары бөлімшесіне жатқызылдым. Қойылған диагнозға байланысты барлық ем-дом шаралары уақтылы әрі жоғары кәсіби деңгейде жүргізілді. Нәтижесінде өзімді әлдеқайда жақсы сезініп, сапалы медициналық көмектің маңыздылығына көзім жетті. Мұндай жағдай нағыз мамандардың қолынан шыққан шынайы қамқорлық екенін дәлелдеді.

Ақ халатты абзал жандардың білімі мен біліктілігін бағалап, оларға деген ризашылығымды қағаз бетіне түсіру – әрбір азаматтың адамгершілік парызы деп есептеймін. Халық арасында «Дәрігер – адам жанының инженері» деп бекер айтылмаған. Шындығында олар тек тәнді ғана емес, жанды да емдейді, науқасқа үміт пен сенім береді. Менің тәжірибем де осы сөздің растығын айғақтайды.

Қазіргі заман талабына сай, медицина саласында қызмет ететін дәрігерлер мен мейірбикелер өз ісінің нағыз мамандары екенін көрсетті. Олар мемлекеттік тілді жетік меңгеріп қана қоймай, өзге тілдерді де еркін қолдана алады.

Сонымен қатар олардың мәдениеттілігі, кішіпейілділігі және жоғары жауапкершілігі ерекше ризашылық туғызады. Мұндай қасиеттер пациент үшін жайлы және сенімді орта қалыптастырады.

Жаһандану дәуірінде медицина саласының дамуына өз үлестерін қосып жүрген білікті мамандардың еңбегі зор құрметке лайық. Олар еліміздің денсаулық сақтау жүйесін заманауи деңгейге көтеріп, әрбір науқасқа жан-жақты көмек көрсетеді. Ақ халатты жандардың кәсіби шеберлігі мен адалдығы қоғамдағы сенімділікті арттырады, адамдардың денсаулығына қамқорлықты қамтамасыз етеді.

Осы орайда мен Қазақстандағы барлық дәрігер мен мейірбикелерге шын жүректен алғысымды білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығы, кәсіби табыс және толағай жетістіктер тілеймін. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз әрбір науқас үшін үміт саулесін тарататын шынайы үлгі болып қала береді.

Құлан қажы БАЛҒОЖИНА,  
Қосшы қаласының тұрғыны

## ГАЗ БАЛЛОНДАРЫН ДҰРЫС ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Тұрмыстық газ аса қауіптілікті білдіреді және газ плиталарды, баллондарды пайдалану ережесі мен өрт қауіпсіздігін бұлжытпай сақтауды талап етеді.

**Газ баллондарын сатып алғанда, орнатқанда және газ плиталарды пайдаланғанда мына қағидаларды қатаң сақтау қажет:**

- баллондарды өтіп бара жатқан машиналардан, жеке меншік үйлерден және кездейсоқ қоймалардан алмауды;
- балон алғанда газ шаруашылығының атауы, баллон нөмірі, газбен баллон массасы міндетті көрсетілген чек немесе талон талап етуді;
- паспорттық табличканың, куәландырылған мерзімінің, сырдың қорғаныс қабатының бұзылуының, атмосфералық коррозияның барына, вентиль маховигінің бұзылуына, жарықшақтың, жапырылғанның, қуыстың барына, баллон корпусы немесе ілмек қондырғысында газдың ағып кетуіне, «Пропан» жазуының барына назар аударуды;
- газ баллонын сатып алғанда оны іске асыру бойынша фирманың қызметкерімен газ баллонның герметикалық қақпағы мен тығыздалған резеңке шығыршығын тексеруді;
- газ баллонның дөнекерлік тігін орындарының тұтастығын көрнекі қараумен тексеруді;
- газ құралдарын орнату мен жөндеуді тиісті құжаты бар мамандарға сеніп тапсыруды;
- сабын көпірігі көмегімен газ баллоны мен плитаның резеңке шлангысымен қосылған жерінде редуктордың герметикалығын тексеруді. Герметикалық емес қосуда сабын көпірігінде көбікшелер болады, бұл жағдайда газ баллонмен қолдануға тыйым салынады; баллонның тығыздалған ре-

зеңке шығыршығының тұтастығына көзіңізді жеткізіңіз;

- резеңке шлангысының тұтастығын көрнекі тексеруді (герметикалық редукторды тексеру үшін ашық от қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады);
- газ плитада газ каналдарының герметикалығын мерзімді тексеруді;
- газ плитамен жақсы желдетілген орын-жайда ғана қолдануды;
- плита газ баллонының редукторын орнатқаннан кейін редуктор қақпағын ашу қажет, бұл орайда плита қрандары жабық жағдайда болуы керек;
- газды жаққанда жанған сіріңкені алдымен шілтерге, содан кейін қранды ашу керек;
- газ плитаны қараусыз қалдырмаңыз;
- газ плитаны балалардың қолдануына сенбеңіздер;
- жанғыш сұйықтар мен заттарды плитада жылытпаңыз;
- плитаны таза ұстаңыз;
- газ құбырлары мен құралдардың кемшіліктерін өздеріңіз жөндемеңіздер;
- плита үстіне кір кептірмеңіздер, одан жаңғыш заттарды алып тастаңыздар;
- газды қолданғаннан кейін газ құралында қранды және баллонда вентилді жабыңыз, газ ісінің жоқтығы мен газ шілтеріндегі оттың жоқтығына көз жеткізіңіз.

Қыс кезеңінде газ баллонды суықтан әкеліп, жанып жатқан пештің қасына қоюға болмайды.

**Егер сіз газдың алымды ісіңіз сезсеңіз:**

- қранды жабыңыз;



- көршілеріңізге хабарлаңыз, адамдарды көшіру шарасын қолданыңыз;
- орын-жайды желдетіңіз;
- от жақпаңыз, ұшқын немесе доғаның құрылуынан аман болу үшін ешқандай да электр құралдарын жақпаңыз;
- газ баллон алынған жер газбен қамтитын кәсіпорынның апаттық

қызметін шақырыңыз.

**Газ балон жанғанда:**

- ғимараттан қауіпсіз қашықтыққа адамдарды көшіріңіз;
- өртке қарсы қызметті шақырыңыз;
- егер өміріңіз бен денсаулығыңызға қауіпті болмаса, өртті сөндіруге шара қолданыңыз.

Естеріңізде болсын, газ оған дұрыс қарамағанда ғана қауіпті. Тұрмыстық

газды дұрыс қолданбағанда өртке, құюға және басқа зардаптарға әкелуі мүмкін. Өзіңізді және қоршаған ортаны қауіптілікке душар етпеңіз! Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтаңыз! Өртке қарсы қызметтің телефоны: 101-104-112.

Қосшы қаласының төтенше жағдайлар бөлімі



# ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Әлихан Бөкейхановқа «халқымыздың ұлы перзенті» деген баға берген. Сонымен қатар «ұлт интеллигенциясының көшбасшысы», «ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы», «ұлы дала көшбасшысы», «ұлт көсемі» деген сияқты атақтарды иеленген халқымыздың аяулы азаматына бұндай атақтарға ие болу оңайлықпен келген жоқ.

Саналы ғұмырын ұлттың азаттығы үшін күресумен өткізген, өзі айтқанындай, қазақтың қай баласында ақысы бар еді, «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді. Тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген сөзінде тұрып, алған беттен қайтпай, мүмкіндігі бола тұра, эмиграцияға да кетпей, халқына қызмет етіп өтті.

Г. Плеханов «Тарихты адамдар жасайтынын түсінудің керек, сондықтан жеке тұлғалардың іс-әрекеттері маңызды болмауы мүмкін емес» деген. Сол сияқты, Әлиханның өмірі де күрделі, соқпақты жолдармен өткен.

Әлихан 1866 жылы 5 наурызда Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келген. Бөкейханның тікелей ұрпағы. Нұрмұхамедтің Бегім ханымнан туған тұңғыш перзенті. Алғашқы жылдары тегі Нұрмұхамедов болған.

Әкесі өте қарулы, жортуыла жүріп, апталап жылқы күзетумен келген кездерде бір қошқарды жалғыз өзі жеп қоятын ірі кісі болған. Аса дәулетті болмаса да баласына білім беру керек екендігін жетік түсінген жан. Сондықтан 7 жасар баласын Қарқаралыға оқуға берген. Келесі 9 жылын сонда өткізіп, білім алған. Қарқаралыда ол кезде православие дінінің 840 адамы, мұсылманнан 1 100 адам болған. Кейін атағы шыққан Корниловтың да балалық шағы осында өткен.

Қарқаралыдағы оқуын бітірген Әлихан етікші мамандығын да ала шыққан. Жастайынан қабілетті ол елдегі келесі жағдайды, молдалардың, болыстардың жағымсыз тірліктерін газет беттеріне мақалалар етіп жаза бастаған.

1882 жылы Омбы қаласына келеді. Ол кезде Омбы қаласы Батыс Сібір Дала генерал-губернаторлығының орталығы болған. Санақ бойынша онда 39 542 адам тұратын.

Әлихан Омбыдағы техникалық училищеге түскен. Жас дарынның талабы байқаған училище директоры Николай Доброхотов оның тамағын, киімін, жазда демалысқа барып келер жолақысын қамтамасыз еткен. 1890 жылы маусымда оқуын «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға бітіріп шығады.

Әлиханның Санкт-Петербургтегі орман шаруашылығы институтында оқу туралы ниетін білген соң, училищенің директоры генерал-губернатордың атына оқуға қажетті 200 рубль көлемінде шөкіртқа тағайындауын өтініп хат жазады. Сонымен бірге губернатордың институт профессоры Бородиннің атына жазылған хатын дайындағанды.

Қарқаралыда, Омбыда оқыған жылдарында газетке 20 шақты мақала жазып, жеке тұлға ретінде қалыптаса бастаған. 1890 жылы оқуға түсіп, 1894 жылы орман шаруашылығы институтын ойдағыдай бітіріп, екінші разрядты орманшы ғалым атағын алады. Студенттік жылдарында мемлекеттік қаржымен оқығандықтан, ешбір ұйымға, саяси партияларға қатысуға рұқсат етілмеген және оқуға түскен кезінде қолхат берген.

Оқуды ойдағыдай бітірген Әлихан ұзақ жылдар бойы Сібирде болады да алған білімін жүзеге асыруға мүмкіндік алып, білікті маман болып шығады. Сол кездегі өте білімді адамдардың қатарында болады да саяси-қоғамдық жұмыстардан тыс қала алмайды. Бұл кезде Ресейде үлкен саяси өзгерістер болып жатқан. Императорлық билікке қарсы наразылықтар күшейген. Еуропада тек Чернигов, Туркия мен Ресейде ғана Парламенттері болмаған. Самодержавиеге қарсылықтар күшейе бастаған. Әлихан қызмет бабымен Омбы қала-

сына келгенде халық саны 62 500-ге жетіп, үлкен қалаға айналған. Транс-сібір темір жолының салынуына байланысты орыс-қытай, орыс-азиялық, американдық компаниялар жұмыс істей бастаған.

Жастайынан мақалалар жазып бейімделе бастаған Әлихан Омбыға келген соң газет ісіне араласады. Сонда шығатын «Степной край» газетінің жауапты қызметкері ретінде танымал публицист ретінде қалыптасады. Газетке саяси салмақ қосып, ықпалға ие болып, сонымен бірге шенеуніктер мен генерал-губернатордың газетке деген ашуын туғызады. Көп ұзамай редакция мүшелері тұтқындалып, жазаланып, айыппұл салынады. Әлихан да ол нәубеттен шет қалмайды.

Сол жылдары Әлихан ғылыми экспедицияларға қатысып, экспедиция материалдарын өңдеп, баспадан шығаруға атсалысқан. Омбыдағы шығармашылық жұмысы нәтижесінде Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміне қызметке ауысады (ИОГК). Сол қоғамда жұмыс істеп жүріп, «Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы. Т. VIII. Қырғыз өлкесі» еңбегінің қосалқы авторы ретінде Қазақстан тарихының бастауында тұрды дегуе болады. Орыс оқырмандарына тұңғыш рет Абайдың өмірі мен шығармашылығын таныстырады. Сол жылдары көрнекті ғалым Григорий Потанинмен танысады. Онымен таныстығы «Автономия» идеясына қанықтырады. Г. Потанин Әлиханды «досым» деп атаған.

Әлихан 1895-1897 жылдары «Степной край» газетінде «халықшыл» Яков Севостьяновпен қызметтес болған. Оның Елена есімді көрікті қызымен достасып, достық терең сезімге ұласып, 1902 жылы отау көтереді. Одан Зейнеп-Елизавета, Өкітай-Сергей атты ұл-қыз дүниеге келеді.

1921 жылы Елена қайтыс болады. Әйелі қайтыс болғаннан кейін оған адал Әлихан қайтадан үйленбей, балаларымен өмір сүрді.

1905 жылы шілдеде Қырғыз даласының орталығы – Қарқаралы ауданының Қоянды жәрмеңкесінде 14,5 мың қазақ Министрлер комитетінің төрағасына петиция жолдайды. Онда мектептер мен мешіттер салуға, ана тіліндегі газеттер шығаруға рұқсат, ар-ождан, сөз бостандығы сияқты өзекті мәселелер келтірілді.

Мемлекеттік Дума шақыру және оған қырғыз (қазақ) депутаттарының қатысуы да келтірілді. Бұндай жағдай жалпы империяның барлық түкпірінде жүріп жатты. Осындай жағдайда император Мемлекеттік Думаға сайлау туралы аса маңызды ережені 6 тамызда қабылдады. Ірі оппозициялық кадет партиясы іске белсенді араласады. Оның жетекшілігінде белгілі адамдар – П. Милоков, князь Петр Долгоруков, т.б. болды.

Қырдағы Әлиханның белсенді қызметі Ресейдің саяси қауымы арасында байқалып, Мәскеуге шақыру алады. 1905 жылы 6-13 қарашада өткен кадет партиясының съезіне қатысып, баяндама жасайды. Съезге Ресейдің барлық губерниясынан дерлік, яғни 30 қаладан 207 адам қатысқан. Съезде сол кездегі қоғамның беткеуіне қаймағы түгелдей жиналды дегуе болады. Солардың арасында болу Әлиханның тағдырына әсер етпей қоймады.

Съезден оралған Әлихан желтоқсан айында Оралда өткен Қазан облысының өкілдері съезінде «Халық азаттығы» қазақ кадет партиясын құруды қолға алады. Белсенді жұмыстары үшін 1906 жылы 8 қаңтарда

қамауға алынды. Түрмеде жатқанда Әділет министрі М. Акимовке, Министрлер комитетінің төрағасы, граф С. Виттеге жеделхат жолдайды. 30 сәуірде Мемлекеттік Думаға сайланушы болуына байланысты түрмеден босатылады. 1905 жылы 15 мамырда өткен Мемлекеттік Дума мүшесіне Семей облысы атынан бірауыздан сайланады.

Кадет партиясы Орталық комитетінің мүшесі болғандықтан және ол мүше болған партия қоғамдық, заңды саяси партия болғандықтан, Әлиханды қамауда ұстап, қудалау тоқтатылады.

Кадет партиясының бюросы Семейде ашылды. Сайлау кезінде 176 сайлаушының 175-і Әлиханға дауыс берді. Осылайша, Ә. Бөкейханов Ресей Империясы Мемлекеттік Думасының депутаты болды.

Бірінші сайланған Мемлекеттік Дума ұзақ жұмыс істей алмады. Император Николай II жарлығымен «тым революцияшы» деген желеумен 8 шілдеде таратылды. Дума тарағаннан кейін Ә. Бөкейханов мүше болған кадет партиясы өте қиын жағдайға тап болды. Омбы қаласында жиналысқа 240 адамның 25-і ғана келді. Екінші Мемлекеттік Думаға сайлауға дайындық жұмысы жүргізілді. Ол кезде Үкіметтің қолдауымен қарсыластар да күшейді. Әлихан жұмыссыз қалды. Материалдық жағдайы қиындаған ол Самараға көшіп, сонда ұзақ уақыт болды.

Партия Орталық комитетінің хатшысы А. Корниловқа жағдайын түсіндіріп хат жазып, өзін М. Шефтелге ұсынуын өтінеді.


М. Шефтел – көптеген компанияның басқарма мүшесі болған атақты адам, кадет партиясының мүшесі. Соның нәтижесінде, 1909 жылы Әлихан ең ірі банктердің бірі – Донской жер банкінің бас агенті қызметін атқара бастайды. 1916 жылы ол партияның VI съезінде Орталық комитет құрамына сайланады. Әлиханның тікелей араласуымен 1913 жылы Троицк қаласында «Қазақ» газеті шыға бастады. Редакторы – публицист А. Байтұрсынов, екінші редактор М. Дулатов болды. Әлихан газеттің негізгі бағдарын таңдап, бағыттарын айқындады.

Газеттің 3 мың данамен 265 саны шығып, 1918 жылы жабылды. Әлиханның 200-ге жуық мақаласы жарық көрді. А. Байтұрсыновтың шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында газет табысты жұмыс істеді. «Автономия» идеясына қаныққан Әлихан Қазақстанның субъектілігі мәселесін көтеріп, ғылыми теориялық жағынан негіздеп, алға жылжытты. Өйткені XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында Қазақстан белгілі біртұтас әкімшілік-аумақтық және әкімшілік-саяси бірлік ретінде өмір сүрген жоқ. Бірнеше генерал-губернаторлықтың құрамында болды.

1910 жылы жазған «Қырғыздар» атты еңбегінде Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Каспий маңы, Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқан, Астрахан губернияларында 4 499 664 қазақ барын келтірген.

Бұл еңбектің маңызы өте зор. 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Бүкілқырғыз (Бүкілқазақ) съезінің Алаш автономиясын құру шешіміне негіз болды. Соның негізінде 1920 жылы Қырғыз АССР-і, ал 1926 жылы Қазақ АССР-і, 1936 жылы Қазақ ССР-іне айналып, 1991 жылы тәуелсіз Қазақстан Республикасын жариялауға негіз болды. Ә. Бөкейхановтың тарихи ролінің маңыздылығы осында. Ол кадет партиясы туынын астында жүріп, ұлттық, бүкілресейлік деңгейдегі саясаткерге айналды.

1917 жылы 16 наурызда жолдаған жеделхатында Ресейдің барлық халқы



үшін бостандық пен теңдік күні туды. Қазақтар жаңа жүйе мен Үкіметті қолдау үшін ұйымдасуы керек болды. «Қазақтар құрылтай жиналысына дайындалды. Лайықты кандидаттарды анықтауы керек. Біздің ұранымыз – демократиялық республика» деген ұран осы күнге дейін маңызды. 19 наурызда Уақытша үкіметтің Торғай комиссары болып, сол кездегі губернатор лауазымына тағайындалды. Ұлттық интеллигенцияның белсенділігі артты. 1917 жылы 2-8 сәуір аралығында өткен Торғай съезіне 800-ге жуық делегат келді. Ол съезде қазақтармен қатар, башқұрт, татар, өзбек ұлт өкілдері болды. 1917 жылы 21-26 шілдеде Бірінші жалпықазақ съезі өтті. Съезге қазақтар қоныстанған барлық облыстан делегаттар келді.

Парламенттік демократиялық Ресей Федерациясы құрамында автономия құру талабы қойылды. Ұлттық саяси партия «Алаш» құрылып, оның көшбасшысы Ә. Бөкейханов болып сайланды. 1917 жылғы 25 қазандағы большевиктік төңкерісті Әлихан қабылдамады, сонымен қатар кадет партиясынан да шықты.

Осындай аумалы-төкпелі заманда, біріншіден, өлмеу, екіншіден, байлығымызды талан-тарағға түсірмеу, үшіншіден, аласапыранның аман шығу үшін Екінші жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдады. Съезд 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өтті. Оған 10-ға жуық облыстан 80-ге жуық делегат келді. Делегаттардың көпшілігі орыс тілін меңгерген, орта немесе жоғары білімді азаматтар болған.

Съезд президиумына Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, Ә. Кеңесарин, хатшылар М. Дулатов, С. Қадырбаев сайланды. Қаулы қабылданды. Басты талаптары Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан, Әмудария, Закаспий облыстарындағы қазақ болыстары бірыңғай іргелі халқы – қаны қазақ, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық автономия құру болды. Қазақ автономиясы «Алаш» деп аталады. Ұлт кеңесі құрылып, аты «Алашорда» болсын делінді. «Алашорда» мүшесі 25 болып, оның 10 орны басқа ұлттарға қалдырылды. Астанасы – Семей қаласы, Халық кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейханов. Сонымен қатар Сібір Үкіметінің құрамына да енген. Төрағасы – Григорий Потанин.

1918 жылы 28 қаңтарда Халық комиссарлары кеңесінің атынан Ә. Бөкейхановты, А. Байтұрсыновты тұтқындауға бұйрық жіберілді. Осыдан кейін Ә. Бөкейханов тығылуға мәжбүр болды. Қалыптасқан қиын жағдайда эмиграцияға кетуге де ниеті болмаған Әлихан күресін жалғастыруға бел буды. Сондықтан Кеңес Үкіметімен мәмілеге келуді ұйғарды.

1918 жылы 3 сәуірде Халық комиссарлары атынан И. Сталин, «Алаш» атынан Ә. Бөкейханов автономияға қатысты келіссөздер жүргізді. Жеке кездесуге орынбасарлары Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер жіберілді. Кеңес Үкіметінен қолдау таппаған соң, Сібір Үкіметімен келісімге келді.

1918 жылы Кеңес Үкіметі құлатылып, «Алаш» Үкіметі жұмыс істеді. Дегенмен уақытша Сібір Үкіметімен қарым-қа-

тынас орнату нәтижесіз болды. «Алашорда» басшысы ретінде ең маңызды мәселе өз қарулы күштерін, Алаш әскерін құру болды. 1918 жылы 11 шілдеде әскери бөлім құрылды. Бөлім басшысы болып артиллерия капитаны Х. Тоқтамышев тағайындалды. Ал Х. Тоқтамышев – «Алаш» қозғалысында аты аңызға айналған тұлғалардың бірі.

9-10 тамызда Мәскеуде В. Ленинмен кездесіп, 1920 жылы 26 тамызда М. Калинин мен В. Ленин Қырғыз автономиясы Социалистік Кеңестік Республикасы туралы декретке қол қойды. Шекарасы белгіленді, халқы рәсімделді, біртұтас субъективтілігі айқындалды. Кеңес Үкіметінен амнистия алған Әлихан Орынборда әртүрлі қызметтер атқарды.

1919 жылы Кеңес Үкіметі жеңіске жетті. Ә. Бөкейханов тұтқындалып, халықтың жаппай наразылығынан соң ол босатылды. 1920 жылдың жазынан бастап Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. 4-12 қазанда Орынбор қаласында съезд өтті, оған 273 делегат сайланды. Съезге Ә. Бөкейханов шақырылды. Құрамына Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстары, Бөкеев губерниясы, Қостанай, Маңғышлақ уездері кіретін Қырғыз (Қазақ) АССР-і құрылды. Осылайша, Әлиханның арманы, көп жылғы талапынысы орындалды. Кеңес өкіметінің бақылауында болса да Қазақ автономиясы құрылды.

Мәскеуде 1922 жылдың 14 желтоқсанынан 1927 жылдың 14 қазанына дейін баспа қызметкері болды. 1927 жылы зейнетке шығарылды. 1928 жылы 14 қазанда тұтқынға алынды. Түркістан Республикасының басшылары С. Қожанов пен Т. Рысқұлов Ә. Бөкейхановты қолдауға тырысып, Мәскеуге хат жазып, Әлиханды сонда И. Сталинмен кездесуге шақырады.

1937 жылы «үлкен террор» саясаты басталып, Қазақстанның 100 мыңға жуық адам қудаланып, төрттен бір бөлігі атылды. Оның ішінде кезінде Әлиханды қолдаған С. Қожанов та, Т. Рысқұлов та кетті. 1937 жылы 27 қыркүйекте өлім жазасына кесіліп, сол күні сот үкімі жүзеге асырылды.

Тергеу кезіндегі жауабында Әлихан: «Мен Кеңес өкіметінің жақтаушысы бола алмадым және бола алмаймын. Менің пайымым оны мойындаудан бас тартады. Мен – өзімнің «Алашорда» идеяларының адамымын, ол үшін Кеңес өкіметіне қарсы күрестім», – деген. Елі оны есінен шығармады, қайта-қайта жазу нәтижесінде 1989 жылы ғана ақталды.

Тарихшылар Мұстафа Кемаль Ататүрікті «XX ғасыр адамы» десе, 2015 жылы Парижде өткен ЮНЕСКО жиыны Ә. Бөкейхановты «Нағыз дүниежүзілік ауқымдағы көрнекті қайраткер» деп мойындаған.

Халқымыз Әлихан есімін есінен шығарған емес. 2020 жылы елдегі ең танымал есім Әлихан болып, 4 577 ер балаға есімі берілген. 2014 жылдан бері танымал есімдер рейтингінен түспеген. Міне, ғасыр адамы – Әлихан есімі жаңа ғасырда да жаңғырып тұрары сөзсіз.

Ерғали ДІЛДӘБЕК,  
Ақмола облысы  
Қосшы қаласы мәслихатының  
депутаты

# НҰР ШАШҚАН АЙ

Рамазан сөзі арабтың ежелден келе жатқан тілдік сөздіктерінен алынған. Хижри күнтізбенің 9-айы. Бұл ай арабтардың өте ыстық, табиғатты күйдіріп жіберуге дейін болатын мезгіліне тұспа-тұс келгендіктен, «Рамазан» деп аталған. «Рәмзә» сөзінен алынған Рамазан дегені «қыздыру», «күйдіру», «қызыл шоқ болу» мағыналарына сай келеді. Сол үшін де бұл айда ораза ұстаған адамның күнәлары кешіріліп, жоқ болады, қате-кемшіліктері Рамазан айы кезіндегі жалындап тұрған отқа жағып, күйіп кетеді деп пайымдалған.

Рамазан оразасы Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға хижрат (көшіп-қону) қылған жылдың екінші жылында, яғни шағбан айының екінші кешінде парыз етілді. Кейбір ғалымдар бұл жәйт миләди күнтізбесі бойынша 623 жылы 7 ақпанда болған дейді. Шағбан айы тәмам бола сала, Пайғамбарымызбен (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бірге барша мұсылман қауымы Рамазан оразасын тұта бастады. Ол күндер өте аптап ыстық еді. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) 9 жыл Рамазан оразасын ұстаған.

Рамазан – айлардың сұлтаны һәм қасиеттісі. Оның басқа айлардан көп артықшылығы бар. Олардың кейбірін атап өтсек:

1. Рамазан айында Құран Кәрім нәзіл болды. Рамазан айындағы қадір түнінде Лаухул Махфуздан Бәйтул Ғиззаға бір мезетте түсірілді. Кейін Құран Кәрім Пайғамбарымызға с.ғ.с. 23 жыл бойы бөлек-бөлек болып, түрлі себептерге байланысты түсіріліп отырған. Алла Тағала бұл жайында: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді» (Бақара сүресі, 185 аят).

2. Рамазан айының оразасы – Исламның бес парызының бірі. Хазреті Ибн Омар р.ғ. риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын): «Ислам бес негізге құралған. Алладан өзге Тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі екендігіне куәлік беру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылық жасау» деген (Имам Бұхари, Имам Муслим риуаяттары).

3. Рамазан айында жасалған жақсылықтар және қайырымды істердің басқа айларға қарағанда сауабы өте мол. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) өзі та-

биғатынан жомарт жан еді. Рамазан айы бойы әр қайырымдылығын үздіксіз жасар еді. Рамазан айында жасалған жақсылық амалдардың өзге айлардан 70 есе артық екендігіне төмендегі мына бір хадис дәлел бола алады.

Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын): «Рамазанда бір мәрте тәсбих тарту – басқа айларда мың мәрте айтқаннан да жақсырақ» дейді (Бәйһақи риуаяты).

4. Рамазан айында мың айдан да жақсырақ болған бір түн бар. Ол – Қадір түні. Аталмыш түннің мың айдан артық артықшылығы бар екендігін Алла Тағаланың өзі де, Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) да растап, бекіткен.

5. Рамазан айының басқа айлардан айырмашылығы, ол айдың кештерін намазбен өткізу сүннет болған. Нақты айтар болсақ, тарауих намаздары жамағат болып оқылып, дұғалар жасалатын болса, оның сауаптарын ешнәрсемен өлшеп болмайды екен.

6. Рамазан айы – Құран айы. Құранды оқитын, үйренетін әрі өзгеге үйрететін ай. Бұл айда құран оқуды, құран дәрістерін көбейту мұстахаб амалына жатады. Өйткені Пайғамбарымыз с.ғ.с. да Құран дәрістерін Жәбраил ғ.с. періштемен көп қайталайтын болған екен. Кезінде саңлақ сахабаларымыз, ата-бабаларымыз да, тіпті медреселер де өзге сабақтарын, дәрістерін тоқтатып, тек Құранмен ғана шұғылданатын болған.

7. Рамазанда өзге айлардай болмайтын қонақтарға арналған дәмдер, былайша айтқанда, түрлі ауызашар дастархандары жайылады. Мұндағы мақсат – үлкен-кіші, мұқтажды, ауыз бекіткенді қуанып, шаттыққа бөлеу. Хадистердің бірінде «Кімде-кім бір мұсылманға ауызашар беріп, батасын алатын болса, оның сауабы иесіне екі есе болып қайтарылады» делінген.

Рамазан айында ораза ұстаудың парызы екендігі жөнінде Алла Тағала Құранда: «Әй, мүминдер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай, ораза парыз қылды. Әрине, сақсынар-сыңдар» дейді (Бақара сүресі, 183 аят). Демек Адам Атадан Пайғамбарымызға (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) дейінгі барлық пайғамбардың үмметтерінің баршасына өздерінің жағдайларына қарай Рамазан айында ораза ұстау парыз етілген. Кейбір үмметтердің оразалары 50 күн болған. Алдыңғы мұсылмандарға рамазан оразасы парыз етілместен бұрын оларға Ашура күні ораза ұстау парыз етілген екен. Рамазан оразасы парыз етілген соң Пайғамбарымыз с.ғ.с. ашура оразасы жөнінде: «Кім қаласа, ол күні ораза ұстасын, ұстамаса, өз еркі» деген (Бұхари, Муслим риуаяттары).

Намаздың өз шарттары, рүкндері бар болғаны сияқты, оразаның да өз шарттары бар.

Оразаның себебі: Рамазан айына жету, яғни Рамазан айына көру.

Оразаның шарттары: мұсылман болу, ақыл есі толық болу және балиғат жасына жету әрі денсаулығы дұрыс болуы шарт.

Оразаның рүкіні дегеніміз – оразаны бұзатын нәрселерден сақтану.

Сонымен, Рамазан айының оразасы кімдерге парыз деген сұраққа шариятымыз:

1. Мұсылман болу;
2. Ақыл есі толық болу;
3. Балиғат жасына жеткен болуы;
4. Денсаулығы бар адамға;
5. Жолашуы емес тұрғылықты адамға деп белгіленген.

Ораза ұстап жүрген адам сырқаттанп қалатын болса, оразасын тоқтатып, кейін сырқаты тоқтаған соң қазан оразасын өтейді. Сондай-ақ жолашуы адам жұртына оралған соң, әйел адамдар хайыз, нифас жағдайларынан



тазарған соң қалып қойған оразаларын кейін қаза етіп ұстайды. Аяғы ауыр немесе бала емізгі әйелдер де кейінірек өткізіп алған оразаларының қазасын өтейді. Жасы келіп отырған қарт кісілер оразаны денсаулығына қиын болып тұрса, ұстамайды. Оның орнына фидия садақасын береді.

Рамазан оразасы жөнінде жүзге жуық хадис жеткен. Төменде солардың кейбіріне тоқталып өтеміз:

Әбу Һурайран р.ғ. хадисте Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) айтады: «Кім Рамазанда иманмен және сауап үмітімен ораза ұстаса, өткен күнәлары кешіріледі. Кім Рамазанда иманмен, сауап үмітімен түнгі намазға тұрса, өткен күнәлары кешіріледі және кім Қадір түнін иманмен, сауап үмітімен өткізсе, өткен күнәлары кешіріледі» (Бұхари және Муслим риуаяты).

«Ораза ұстаушының екі қуанышы бар. Бірі – ауыз ашқан кезінде, екіншісі – Раббысына жолыққан кезінде. Ораза ұстаушының аузынан шыққан иіс Алланың алдында жұпар иісті мисктің иісінен артық» (Бұхари және Муслим).

Жәннатта «Райхан» деп аталатын қақпа бар. Ол қақпадан ораза тұтқандардан басқа ешкім кірмейді. Қиямет күні: «Ораза ұстағандар қайда?» деп жар салынады. Ораза ұстағандар тұрып, сол қақпадан кіреді. Олар кіріп болған соң ол жабылып, одан басқа ешкім кірмейді» (Бұхари).

Сөз соңында айтарымыз, Рамазан айының оразасын және жалпы Рама-

зан айын құрметтеу – әрбір мұсылман баласына міндет. Ал ораза ұстаушының сауабын Алла ғана береді. Жаратушымыз бір құдси хадисте: «Ораза – тікелей мен үшін жасалатын құлшылық, оның қайтарымын өзім ғана беремін» деген. Кез келген ғибадат атқарылып жатқан уақытта сырттай көзге көрініп тұрады. Ал енді кімнің ораза ұстап жүргені сырттай байқалмайды. Оны тек Раббымыз ғана білуші.

Рамазан – кешірім айы. Бұл айда Аллаға өте көп истиғфар (кешірім сұрау, жарылқау тілеу) айтып, көбірек құлшылық жасаған дұрыс. Алла Тағала шынайы ықыласпен кешірім өтініп, жарылқау тілеген құлын кешіріп, мал-мүлкін көбейтеді, ол пендені түрлі бәле-жаладан сақтайды. Олардың несібелерін мұлайтады.

Биыл Рамазан айының алғашқы күні 19 ақпанға сәйкес келді. Тарауих намазы 18 ақпан күні Құптан намазынан кейін басталады. Ораза айттың бірінші күні 20 наурызға дәл келді. Биылғы жылы пітір садақасы еліміз бойынша 735 теңге болып бекітілді.

Рамазан – нұр шашқан ай. Сол нұр жүрегімізден өшпесін, ғұмырымызға бағыт-бағдар болсын! Алла Тағала осы нұрлы айда ұстаған оразамызды, оқыған тарауық намазымызды, жасаған дұға-тілектерімізді қабыл етсін. Жүрегімізді Құран нұрымен сәулендіріп, иманымызды күшейтіп, шаңырағымызға береке дарытсын!

Төлеген АРҒЫНБАЙҰЛЫ

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ОРАЗА ҰСТАУ ДӘСТҮРІ

XV-XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген Қазақ хандығы кезеңінде ислам діні қоғамдық-саяси және рухани өмірдің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Рамазан айындағы ораза (саум) – исламның бес парызының бірі ретінде қазақ қоғамында тек діни міндет қана емес, әлеуметтік қарым-қатынастарды реттейтін, моральдық-этикалық нормаларды нығайтатын институт қызметін атқарды.

Қазақ хандығы құрылғанға дейін-ақ Дешті Қыпшақ аумағында ислам діні таралған болатын. Хандық дәуірде исламдық институттар жүйеленіп, дін қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Сопылық дәстүр, әсіресе Қожа Ахмет Ясауи ілімі нәпсі тәрбиесі мен тақуалық ұғымдарын кең насихаттады. Ораза рухани кемелденудің құралы ретінде түсіндірілді.

Көшпелі өмір салты ораза ұстауға белгілі бір ерекшелік енгізді. Шарияттағы «сафари» үкіміне сәйкес, ұзақ сапардағы немесе жорықтағы адамдарға оразаны кейінге қалдыруға рұқсат етілді. Мал шаруашылығына негізделген қоғамда ауызашар көбіне қауымдық сипат алды. Дәулетті адамдар жоқ-жітікке көмек көрсетіп, пітір садақа беру дәстүрі қалыптасты.

Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғы» заңдар жинағында шарият нормаларының ықпалы

байқалады. Абылай хан дәуірінде исламдық бірегейлік күшейіп, Рамазан айында хан ордасында ауызашар беріліп, садақа таратылғаны жөнінде тарихи деректер сақталған.

Ораза қазақ қоғамында моральдық реттеуші қызмет атқарды. Рамазан айы дау-дамайды тоқтату, араздықты кешіру кезеңі ретінде қабылданды. Пітір садақа беру әлеуметтік теңгерімді сақтаудың тетігі болды.

Осылайша, Қазақ хандығы дәуіріндегі ораза ұстану дәстүрі исламдық құқық нормалары мен көшпелі өркениет ерекшеліктерінің синтезі ретінде қалыптасты. Ол жеке тұлғаның рухани тәрбиесін қамтамасыз етіп, қоғамдық моральды нығайтты және әлеуметтік теңгерімді сақтауға ықпал етті.

**Серікжан КАМАЛАШ,**  
**Қосшы қаласы «Бөгенбай батыр» мешітінің наиб имамы**

Жыл сайын мұсылман қауымы асыға күтетін бір ай бар. Ол – жүректерді жұмсартатын, адамдар бір-біріне мейіріммен қарайтын, жақсылық көбейетін қасиетті Рамазан айы. Бұл ай келгенде адамның жүрегі өзгеше күй кешеді. Күнделікті өмірдің қарбаласында кейде байқалмай қалған рухани дүниелер дәл осы айда қайта жанданады. Адам өзіне де, өміріне де, Жаратушысына да тереңірек үңіле бастайды.

## Бейбіт елдегі Бerekелі Рамазан

Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Ей, иман келтіргендер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей, ораза парыз етілді. Бәлкім тақуалыққа жетерсіңдер» (Бақара сүресі, 183-аят). Бұл аяттан көретініміз – оразаның басты мақсаты аш жүру емес, тақуалық. Яғни адамның жүрегінде Алладан қорқу, Алланы үнемі сезіну қасиетін қалыптастыру.

Ораза адамға сабырды үйретеді, нәпсіні тәрбиелейді, жүректі жұмсартады. Күн ұзақ аш жүрген адам әрбір нығметтің қадірін сезінеді. Бір жұтым судың, бір үзім нанның өзі үлкен нығмет екенін түсінеді. Осы сезім адамның жүрегінде шүкіршілік пен қанағат сезімін оятады.

Қасиетті Құран Кәрімнің түсе бастауы да дәл осы аймен байланысты. Алла Тағала Құранда былай дейді: «Рамазан айы – адамдарға тура жол көрсететін және ақиқат пен жалғанды айыратын дәлел ретінде Құран түсірілген ай» (Бақара сүресі, 185-аят). Сондықтан Рамазан мұсылмандар арасында «Құран айы» деп аталады. Бұл кезеңде мешіттерде тарауих намаздары оқылып, Құран хатымдары жасалады. Құран оқылған жерде жүрек тыныштық табады, ой тазарады, адам өз өмірінің мәнін тереңірек түсіне бастайды. Сондықтан мұсылмандар бұл айда Құран оқуды көбейтіп,

оның мағынасына ой жүгірту керек.

Айдың ең қасиетті сәттерінің бірі – Қадір түні. Бұл түн – мың айдан да қайырлы түн. Бір түнде жасалған құлшылық мың жылдарға тең сауапқа жеткізуі мүмкін. Ғалымдар мың ай шамамен 83 жылға тең екенін айтады. Яғни бір Қадір түнінде жасалған құлшылық – 83 жылдан аса уақыт жасалған құлшылықтан да артық сауапқа ие. Бұл – Алла Тағаланың құлдарына берген ерекше мүмкіндігі. Қадір түнінде періштелер жер бетіне түседі, дұғалар қабыл болады, жүректерге тыныштық орнайды. Сондықтан мұсылман адамның бұл түнді ұйқымен емес, дұғамен, тәубемен және құлшылықпен өткізгені абзал.

Бұл айда көптеген адам мұқтаж жандарға көбірек көмектеседі, жетім-жесірді ұмытпайды. Өйткені шынайы ораза адамды жақсылыққа жетелейді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы да Рамазан айына байланысты өз үндеуінде осы рухани мәнге ерекше тоқталып: «Рамазан – жүректі тазартуға, ниетті түзеуге, нәпсіні тәрбиелеп, тақуалыққа жетуге мүмкіндік беретін қасиетті ай. Оразаның негізгі мақсаты – тек ішіп-жеуден тыйылу емес, адамның жүрегін Аллаға жақындатып, ойы мен жандүниесін түрлі рухани дерттерден

тазарту», – деп атап өтті. Сонымен қатар Бас мүфти бұл айда қайырымдылық жасап, бір-бірімізге көмектесудің маңызына тоқталып, кәсіпкерлерді халыққа жеңілдік жасап, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын қолжетімді етуге шақырды. Өйткені Рамазан – мейірім мен жанашырлықтың айы.

Шынында да бүгінгі әлемде түрлі қиындықтар мен тұрақсыздықтар болып жатқанын көріп отырмыз. Кейбір елде соғыс, кейбір жерде тынышсыздық бар. Осындай уақытта біз өз еліміздегі бейбіт өмірдің қаншалықты үлкен нығмет екенін терең түсінуіміз керек. Тыныштық пен тұрақтылық – Алланың үлкен сыйы. Сондықтан Рамазан айында еліміздің аман-дығы, халқымыздың бірлігі, жеріміздің тыныштығы үшін дұға жасау – әрбір мұсылманның парызы.

Алла Тағала осы қасиетті айда жасаған құлшылықтарымызды қабыл етсін. Қадір түнінің берекесіне жеткізсін. Елімізге тыныштық, халқымызға амандық, жерімізге береке берсін. Рамазан айының нұры жүректерімізді жарық қылып, иманымызды күшейтсін.

**Әбдіәлі ӘБЖАНОВ,**  
**«Ондыбай ата» мешітінің бас имамы**



# СҰЛУЛЫҚ ПЕН ПАРАСАТ ТОҒЫСҚАН КЕШ

Қосшыда 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында қалалық әкімдіктің қолдауымен және Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Қосшы Аруы – 2026» сұлулық байқауы өтті.

Биыл бесінші жыл қатарынан ұйымдастырылған байқау қаламыздың дарынды, білімді, өнерлі және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген аруларын анықтауды мақсат етті. Осы уақыт аралығында бұл байқау жастар арасында өзіндік маңызын айқындап, тағылымды, дәстүрлі жобаға айналды.

Биылғы байқауда арулар алдымен өздерін көпшілікке таныстырып, кейін шығармашылық өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар зияткерлік сұрақ-жауап кезеңінде өз білімдері мен ой-өрістерін дәлелдеді. «Ұлы дала ханымдары» атты арнайы кезеңде қатысушылар ұлттық образдарды дәріптеп, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін сахна арқылы әсерлі жеткізе білді.

Жалпы байқауға 9 ару қатысып, өзара бақ сынасты. Қатысушылар сахна мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін, білім деңгейін және ұлттық құндылықтарға деген құрметін жан-жақты көрсете білді. Көрермен үшін бұл кеш ерекше әсерлі әрі есте қаларлық сәттерге толы болды.

Байқау қорытындысы бойынша қатысушылар түрлі номинациялар мен жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, Бас жүлде Марал Ерназарқызына бұйырып, оған Дубай қаласына жолдама табысталды. Одан кейінгі I орынды Дильназ Жанатқызы, II орынды Сымбат Ерболқызы, III орынды Махаббат Орынбасар иеленді. Сондай-ақ Аида Ақылбекқызы «Парасатты ару», Мерей Жұма-

тай «Инабатты ару», Сельма Серікқызы «Өнерлі ару», Аяулым Айдарқызы «Желі жұлдызы», Інжу Таратқан «Сымбатты ару» атанып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Лаура ТАРҒЫН,  
Қосшы қаласының ЖРО маманы



QR-код арқылы қараңыз



## Болашақ ел қорғаушылар – білім бәйгесінде

Қосшы қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен қалада алғаш рет алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен қалалық олимпиада өтті. Бұл іс-шара №4 жалпы орта білім беретін мектеп базасында ұйымдастырылып, қала мектептерінің білімді де белсенді оқушыларының басын қосты.



Олимпиада өткізудегі негізгі мақсат – жас сарбаздарды тек тактикалық және ұрыстық жаттығуларға дайындап қана қоймай, олардың әскери-теориялық білімдерін тексеру, пәнге деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ жастардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру. Қатысушылар әскери пән бойынша білімдерін көрсетіп, өздерінің дайындық деңгейін дәлелдеуге мүмкіндік алды.

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізудің маңызына Қосшы қаласы білім бөлімінің әдіскері Б. Камиев, №4 жалпы орта білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Кенжанова, сондай-ақ алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі, аға лейтенант Е. Мұратхан белсене атсалысты.

Іс-шарада оқушылар алғашқы әскери дайындық пәні бойынша теориялық білімдерін көрсетіп, түрлі тапсырмалар орындады. Бұл олимпиада жас ұрпақтың әскери білімге деген қызығушылығын арттырып, жауапкершілік пен тәртіпке баулуға бағытталған маңызды білім сайысы болды.

– Бүгінгі олимпиада – жас ұрпақтың әскери білімін жетілдіруге және олардың елге деген жау-

апкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. Осындай іс-шаралар арқылы біз болашақ ел қорғаушыларының теориялық білімін шыңдап, олардың бойындағы патриоттық рухты арттыра аламыз, – деді білім бөлімінің әдіскері Б. Камиев.

Қалалық олимпиада қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен оқушылар анықталып, марапатталды. Атап айтқанда, Бас жүлдені Аяулым Хайыр және I орынды Медина Рақметбекқызы иеленді. Екеуі де Қосшы қаласы мектеп-гимназиясының оқушысы. Ал II орын Р. Қошқарбаев атындағы №1 ЖОББМ оқушылары Аяна Адастаева мен Мерует Ермұханбетке бұйырды. Сондай-ақ III орынды IT мектеп-лицейінің оқушысы Санжар Жиенбай, Тайтөбе орта мектебінің оқушысы Сымбат Алымқұл және №4 ЖОББМ оқушысы Ислам Сағындық қанағат тұтты. Оған қоса, белсенділік танытқан басқа да қатысушылар арнайы сертификаттармен марапатталды.

Алмагүл БАЙЖАНОВА,  
директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары



## Қосшылық команда – облыс чемпионы!

«Жастар» спартакиадасы бағдарламасындағы «Ұлттық мектеп лигасы» аясында 9-11 сынып қыздары арасында өткен облыстық волейбол жарысында Қосшы қаласы мектеп-гимназиясының қыздар командасы I орын иеленіп, облыс чемпионы атанды.

Жарыста бұл команда жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдық пен жеңіске деген жігерін көрсетті. Әр ойын тартысты өтіп, қыздарымыз өз шеберліктерін дәлелдей білді. Осылайша, қосшылық жеңімпаз команда сәуір

айында Астана қаласында өтетін республикалық жарысқа Ақмола облысының атынан қатысуға жолдама ұтып алып отыр. Жеңімпаздарды құттықтаймыз және алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!



## Қадір түні не істеу керек?

Алла Тағала өзінің даналығына сай кейбір нәрселердің анық уақытын жасырған. Айталық, Жұма күнінің қай мезгілінде жасалған дұғаның қабыл болатынын, бес уақыт намаздың ішіндегі ортанғы намазды, дұғалар ішінде исми ағзамды, уақыттың ішінде қияметті әрі өмірдің ішінде өлім уақытын пенделеріне дәл білдірмеген. Бұның біздерге қайыры барына кәміл сенімдіміз. Мүмкін бұл мұсылмандардың үнемі сергек, Аллаға ғибадат, құлшылықта жүруін қалағандықтан шығар.

Қадір түніне келсек, ол – түндердің ең қайырлысы. Өйткені хадисте айлардың қайырлысы – Рамазан, түндердің қайырлысы – Қадір түні, күндердің қайырлысы – Жұма күні екені айтылған. Бұл түнді негізінен Рамазан айының соңғы он күнінде, тақ санда іздеу керек. Көпшілік ғалымдардың ортақ пікірінше, Қадір түні Рамазан айының жиырма жетінші түні болып есептеледі.

Құранда бұл түннің артықшылығын түсіндіретін арнайы сүре де бар. Ол сүреде Жаратқшы иеміз былай дейді: «Анығында Біз Құранды Қадір түні түсірдік. Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні – мың айдан да қайырлы. Ол түні періштелер мен Рух Рабыларының әмірімен жерге түседі. Ол таң ағарып атқанша жалғасады».

Мүмкіндер бұл түнді дайындықсыз өткізбеуге тиіс. Өйткені Әбу Хұрайра (р.а.) сахабамыз жеткізген хадисте: «Кімде-кім Қадір түнінің артықшылығына сеніп, сауабын Алладан күтіп, ғибадат, құлшылықпен өткізсе, өткен-кеткен күнәлары кешіріледі», – делінген.

Бұл түні жасалуға тиіс істердің қатарында намаз оқу, Құран оқу, өткен күнәларды енді жасамасқа тәубе етіп, кешірім тілеу, жалбарынып тілек тілеу керектігін айта аламыз. Мойнында намаз қарызы барлар нәпіл намаз оқымай тұрып, әуелі бес уақыттық қазна намаздарын өтеуі артықшылыққа жатады. Ғалымдардан Суфиян Сәури: «Қадір түні тілек, кешірім тілеу намаздан ұнамды. Құран оқып, артынан тілек тілеу – ең жарасымдысы», – деген.

Айша анамыз (р.а.) Алла Елшісінің (с.ғ.с.) Рамазанның ақырғы он күнінде құлшылыққа ерекше ден қоятынын айтады. «Бұл түні қалай дұға ету керек?»

деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мына дұғаны үйреткен: «Алла Тағалам, Сен кешірімдісің, кешіргенді ұнатасың, мені де кешіре гөр!»

Иә, күнәдан алыс Пайғамбарымыздың өзі (с.ғ.с.) күніне жетпіс я жүз мәрте өзіне кешірім тілеп отыруды әдет еткен. Ендеше, пайғамбар үмбеті болған бізге де күніне көбірек кешірім тілеп, дұға етудің артықтық етпесі анық.

Бұл түн мың айдан қайырлы болуымен де артықшылыққа ие. Мың ай – тура сексен үш жыл, төрт айға тең. Ал бұл – бұрынғы үмбеттердің өмір бойы жинаған сауабын бір түнде алу мүмкіндігі деген сөз.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірде сахабаларға Исраилді әулетінен бір кісінің мың ай бойы ат үстінде Алла үшін жиһад еткенін, кей риуаяттарда мың ай бойы күнә жасамай, ғибадат еткенін айтқанда, сахабалар «Біздікі оның жанында түкке де тұрмас» деп таң болған еді. Осы кезде Жәбірейіл (ғ.с.) түсіп: «Мұхаммед, үмбетің сен айтқан адамдарды естіп, таң қалды. Ал Алла Тағала оларға бұдан да қайырлысын берді», – деп, «Қадір» сүресін оқып береді.

Тағы бір риуаятта пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бүкіл үмбетінің өмірі көрсетіледі. Басқа үмбеттерге қарағанда, өз үмбетінің өмірінің аздығын көрген пайғамбарымыз бұған мұңаяды. Осы кезде Алла Тағала оған «Қадір» сүресін түсіреді.

Бұл түннің берекесі мол. Өйткені жер бетіне сан мыңдаған періште түспек. Періштелер тіпті жер бетіне сыймай кетеді. Мүмкіндерді айнала қоршай, Алла Тағаланың аларға деген кешірімі мен мейірімін айтып сүйіншілейді. Таң ағарып атқанға дейін осындай жағдайда болған мұсылман үмбетінің жүрегіне тыныштық пен жан рахаты орнайды.

Бір хадисте «Ол түні жер бетіне түскен періштелердің саны ұсақ тастардың санынан да көп» делінген.

Қадір түні түнімен құлшылық жасай алмайтын-дарға ең болмаса тарауих намазынан кейін біршама уақытын дұғаға арнауы керектігі айтылады. Өйткені бұл түні жасалатын дұғалардың қабыл болатынына деген нық сенім бар.

Төлеген АРҒЫНБАЙҰЛЫ

Jana  
Bastau

Меншік иесі –  
«Bastau Media» ЖШС

Директор –  
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор  
Еркеғали БЕЙСЕНОВ  
Бас редактордың орынбасары  
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:  
Жанар АХМЕТОВА,  
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:  
Мархабат АСЫЛБЕК  
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ  
Дизайнер-беттеуші  
Ербол ҚАНАТҰЛЫ  
Корректор  
Ерік ЕЛЕУСІЗ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,  
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77  
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № КЗ07VPY00085845 күнәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, КЗ40VPY00045578

📍 **Редакция мекенжайы:**  
Қосшы қаласы,  
Республика даңғылы, 46

☎ **Байланыс телефоны:**  
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ **janabastau2022@gmail.com**  
www.janabastau.kz